

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019

ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэйти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAHP / MПHTИ / IRCTI 11.25.25

КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Керімбаев Е.Ә.¹, Набижанқызы З.¹

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы, Қазақстан.

Аңдатпа. Конфуций институттары ХХІ ғасырда Қытайдың дүниежүзінде құрған институттары. Бұл ұлы гуманист ойшыл Конфуцийдің есімімен аталатын институттардың негізгі міндеті – дүниежүзіне қытай тілі мен дәстүрлі мәдениетін тарату еді. Алайда қазір оның атқарған қызметі мен жасаған ықпалы әлемді ойландырып отыр, тіпті түрлі күмәндар тудыруда. Мақалада Қытайдың Конфуций институттарының дүниежүзінде құрылу үдерісі, әсіресе, Орта Азия мемлекеттерінде ашылуы мен дамуы барысы және оның қызметінің кеңеюі мен ықпалының тереңдеуі қарастырылған. Конфуций институттарының Қытайдың мемлекеттік жобасы ретінде мемлекеттік қаржылық және техникалық қолдаумен ұтымды жұмыстар жасап отырғаны, оның қызмет бағытының Қытайдың халықаралық аренада қолданып отырған «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыруға және дипломатиялық міндеттер атқаруға бет алып бара жатқаны сараланады. Сонымен қатар, аталмыш институттардың жұмыс жүргізу әдістері және олар институттарды қабылдаған елдер мен оқу орындарының көздеген мақсаттарына, Конфуций институттарының әлемге тез таралуы мен ықпалының жылдам тереңдеуіне және оның сын-қатерлерге ұшырауының басты себептеріне талдаулар жасалған.

Түйін сөздер: Конфуций институттары, қытай тілі, мәдени ықпал, жұмсақ күш, сын-қатер.

СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ

Керимбаев Е.А.¹, Набижанқызы З.¹

¹КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Институты Конфуция - это международный проект в гуманитарной сфере, созданный Китаем в ХХІ веке. Основной задачей этих институтов было распространение китайского языка и традиционной культуры Китая по всему миру. Однако деятельность и влияние этих заведений подвергается разным сомнениям мирового сообщества и заставляют задуматься над его работой

В этой статье рассматриваются создание и развитие, расширение и влияния деятельности институтов Конфуция по всему миру. Особенный акцент делается на страны Центральной Азии. Дается анализ поворотам деятельности Институтов Конфуция, который при финансовой и технической поддержке государства занимается продвижением китайского языка и культуры как одной из форм «мягкой силы» Китая на мировой арене.

А так же в статье рассматриваются методы работы институтов Конфуция, которые содействовали быстрому распространению и усилению влияния этого заведения. Анализированы основные причины проблем и критики институтов Конфуция, возникающих при напористой гуманитарной экспансии Китая по всему миру.

Ключевые слова: мягкая сила, внешняя языковая политика, институты Конфуция, культурная экспансия.

THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES

Kerimbaev Y.A.¹, Nabizhankyzy Z.¹

¹Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Confucius Institutes is an international humanities project established by China in the 21st century. The main task of these institutions was to spread the Chinese language and traditional culture of China throughout the world. However, the activities and influence of these establishments are subject to various doubts of the world community and make them think about its work.

This article discusses the creation and development, expansion and influence of Confucius institutions around the world. Special emphasis is placed on the countries of Central Asia.

An analysis is made of the turn of activities of Confucius Institutes, which, with the financial and technical support of the state, is engaged in promoting Chinese language and culture as one of the forms of “soft power” of China on the world stage.

As well, the article discusses the working methods of Confucius institutions, which contributed to the rapid spread and enhancement of the influence of this institution. The main causes of the problems and critics of Confucius institutions arising from the assertive humanitarian expansion of China throughout the world are analyzed.

Keywords: soft power, foreign language policy, Confucius institutions, cultural expansion.

Кіріспе

«Конфуций институттары» мен «Конфуций сыныптары» деген Қытайдың шетелдік оқу орындарының базасында құрылған мемлекеттік қытай тілі мен мәдениетін оқытатын орталықтар. Ең алғаш ол 2004 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында құрылған еді, 2017 жылдың соңына дейін әлемнің 146 мемлекетінде 525 Конфуций институты мен 1113 Конфуций сыныптары ашылды. Қытайдың бүкіл әлем мойындаған ұлы гуманист ойшылы Конфуцийдің есімімен аталған институттың басты міндеті – дүниежүзіне қытай тілі мен дәстүрлі гуманизм мәдениетін тарату еді. Алайда қазір оның атқарған қызметі мен жасаған ықпалы әлемді ойландырып отыр, тіпті түрлі күмәндар тудыруда. Сондықтан Конфуций институттарының дүниежүзінде құрылу үдерісі, әсіресе, Орта Азия мемлекеттерінде ашылуы мен даму барысы және оның қызметінің кеңеюі мен ықпалының тереңдеуін зерттеу өте маңызды болып отыр. Өйткені, Қытайдың мемлекеттік жобасы ретінде мемлекеттік қаржылық және техникалық қолдаумен құрылып жатқан институттар мен ашылып жатқан сыныптардың қытай тілін оқыту арқылы жасаған мәдени ықпалы жергілікті халыққа қытайлық саяси құндылықтарды сіңіруде. Бұл елдердің болашақ даму бағытына ықпал жасайтын мәселе. Сондықтан біз, Қытайдың қолданып отырған «жұмсақ күш саясатын» жүзеге асыруға және дипломатиялық міндеттер атқарудағы аталмыш институттың рөлін, оның құрылу барысы, қызмет ету әдістері және ол институттарды қабылдаған елдер мен ЖОО-ның көздеген мақсаттарын ашып көрсетуді мақсат етеміз. Осы тақырыпқа қатысты ҚКП съездер құжаттары, Конфуций институттарының халықаралық келісімшарттар құжаттарын негізге ала отырып, осы мекемеге қатысты әлемде қазірге дейін жарияланған материалдарға сүйене отырып зерттеу жүргіздік. Яғни, мақаламызда «Конфуций институттары» мен «Конфуций сыныптарының» құрылуы, оның қызметі, дамуы және сын-қатерге ұшырауы сияқты мәселелерге талдау жасап, өз көзқарастарымызды ұсынбақпыз. Негізгі бөлім. Конфуций институттарының құрылуы мен дамуы

Шетелдерде Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарының құрылуы – Қытайдың өрлеуі және әлемге қадам басуына байланысты өмірге келген құбылыс. Қытайдың 2001 жылы

Дүниенжүзі сауда ұйымна кіруі, оның халықаралық саудаэкономика жүйесіндегі және саяси-дипломатиялық қатынастардағы позициясын нығайта түсті. Сонымен Қытай әлемге өздерінің концепциясын немесе жаңа тәртіпін қабылдату үшін, экономикалық қаржылық ықпал етумен қатар, «жұмсақ күш» немесе қытай тілі мен мәдениетімен де ықпал жасау саясатын қолданды.

1987 жылы ҚХР үкіметі қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратуды ұйымдастыратын мемлекеттік Кеңсе (қытай тілінде қысқартып «Ханьбань– Hanban» деп атайды) құрды. Бұл ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы мекеме Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп жұмыс жүргізетін болды. «Ханьбань»-ның құрамында 19 басқарма (Жалпы мәселелермен айналысатын басқарма; Адам ресурстары басқармасы; Бухучет және аудит басқармасы; Қаржы басқармасы; Даму және жоспарлау басқармасы; Саясат және зерттеу басқармасы; Азия мен Африкадағы Конфуций институттары басқармасы; Америка мен Мұқит аймағындағы Конфуций институттары басқармасы; Европадағы Конфуций институттары басқармасы; Оқытушылар құрамы басқармасы; Еріктелермен жұмыс басқармасы; Оқыту материалдары басқармасы; Тестілеу басқармасы; Шәкіртақы тағайындау бағдарламалары басқармасы; Мәдени байланыс басқармасы; Қытайтану және қытайды зерттеу басқармасы; Қоғаммен жұмыс істеу басқармасы; Халықаралық алмасу басқармасы; Логистика басқармасы) [1] жұмыс жүргізеді. «Ханьбань» өзінің жүйелі де өнімді жұмыс жүргізетін ережелері мен механизмін жасады. Осылайша «Ханьбан» штаб пәтері Пекин қаласында орналасқан, жоғары статусы мен корпоративтік құрылымы кемелді, табыс таппайтын мемлекеттік мекеме ретінде дүниеге келді.

Кеңес төраға, вице-төраға, кеңестің атқарушы мүшелері және қатысты жекелеген мүшелерден құрылған. Кеңестің төрағасы, орынбасарлары мен атқарушы мүшелердің кандидатурасын ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Әкімшілік оқу-ағарту агентствасы ұсынады және ҚХР Мемлекеттік кеңесі бекітеді. Кеңестің 15 мүшесінің 10-ны әлемдегі Конфуций институттарының директорлар кеңесінің басшыларынан тағайындалады. Кеңес мүшелерінің құрамына 12 мемлекеттік министрлік пен комитетінің өкілдері кіреді. Нақтылап айтқанда ҚХР Мемлекеттік кеңесінің хатшылығынан, Қытайдың Білім беру министрлігінен, Қаржы министрлігінен, Мемлекеттік кеңесі жанындағы мұхажирлар (Хуацияулар) кеңесінен, СІМ, Даму және реформа Комитетінен, Сауда министрлігінен, Мәдениет министрлігінен, Халықаралық радиосынан, Пресса ісі мемлекеттік әкімшілігінен, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің ақпарат бөлімінен және Мемлекеттік тіл комитетінен өкілдер қатысады [2]. Мұның өзі бұл құрылымның Қытайда аса маңызды мемлекеттік мекеме екендігін көрсетеді.

Ал «Ханьбан», Конфуций институттарының жұмыс жоспарын, оқыту ережелерін, даму стратегиясын жасайды және оның атқарылуын қадағалайды, институттар мен сыныптардың жұмыс жүргізуіне материалдық, техникалық, қаржылық және оқытушы ресурстарын қамтамасыз етеді.

«Ханьбан» қытай тілі мен мәдениетін үйренушілердің деңгейін анықтайтапсертификат және оқу гранттарын берудің жүйесі жасады. Ол HSK (HanYu shuiping kaoshi - Қытай тілі деңгейін анықтау) емтихан қабылдау тәртібін орнатты. Және оған қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, оқыту методикасын үйрететін материалдар дайындайды және оны үздіксіз толықтырып отырады. Осы жүйе бойынша дүниежүзінде 2010 жылы HSK емтиханын тапсырғандардың саны 750 мыңға жетсе, соңғы кезде оның саны 1 млн адамнан асқан [3]. Ал Конфуций институттары тек қытай тілін қана оқытып қоймайды, сонымен қатар қытайдың дәстүрлі мәдениеті мен философиясын, құндылық көзқарастарын сіңіруге көп көңіл бөледі.

Қытайдың шетелдерде қытай тілі мен мәдениетін оқытатын орталықты немесе сынып-аудиторияларды Конфуций есімімен атауының өзіндік мән бар. Б.з.д. 551-479 жылдары өмір сүрген Конфуций (Кун Цзы) – қытайдың ұлы ойшылы және ағартушысы, қытайдың дәстүрлі рухани ілімінің негізін қалаған, бүкіл әлем мойындап және құрмет тұтқан гуманист ұлы тұлға.

Сондықтан әлем елдерінің Конфуций есімі мен оның ілімін жылы қабылдайтын көңіл-күйін ескеріп, қытай тілі мен мәдениетін оқытатын институттар мен сыныптарға оның есімін бергені түсінікті. Өйткені әлемде мұндай тәжірибе бар. Мысалы, әлем елдерінде испандықтар Сервантес институтын құрса, немістер Гете институтын ашып отыр.

2002 жылдан бастап ҚХР-дың Білім министрлігіне қарайтын «Ханьбань» Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру жұмысын қолға алды. 2004 жылы ҚКП ОК XVI съезінің 4-ші пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған «Жоба» қабылданып, шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті анықталды. Сонымен «Ханьбань» Конфуций институттарын құруды 2004 жылдан бастады. Бұл

«Жобаны» алдымен КСРО-ның құрамынан шыққан, жаңа тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Европа мемлекеттерінен бастауды жөн санады. Айтқандай 2004 жылдың жазында Ташкентте алғашқы эксперименттік «Конфуций институты» құрылды. Сол жылдың аяғында алғашқы «Конфуций институты» Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында ресми түрде құрылды [4]. Содан кейін әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру қарқынды жүрілді. Қытайдың әлеуметтік-экономикасының жылдам дамуы мен халықаралық орны мен рөлінің артуы әлем елдерін өзіне қатты қызықтырды. Қытайды түсіну үшін оның тілі мен әдениетін үйренуге жастардың белсенділігі арта түсті. Оның үстіне Қытай үкіметі Конфуий институты мен сыныптары орналасатын оқу орындарының кеңсе, аудиторияларын жөндеп-жаңғыртуға жұмсалатын қаражатты, оқуға қажетті техникалық жабдықтар мен оқулықтарды, оған жіберген оқытушысы мен директорларының жалақысын толығымен өздері шығарып отыруы, Конфуций инстутын оқығандарға берілетін гранттар санының көбейіп отыруы, инстиутттар мен сыныптар орналасқан ЖОО-ның ешқандай шығын шығармай-ақ оқушылардан табыс табатын факторлар, аталмыш институттар мен сыныптардың дамуына зор мүмкіндік жасады.

«Ханьбаньның» мәліметіне жүгінсек, әлемдегі қытай тілін оқитын адамдардың саны 2004 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта 30 миллионнан 100 миллионға өскен. «Ханьбаньның» ресми сайтында 2017 жылдың 31 желтоқсаныдеп көрсетілген мәліметте, әлемнің 146 мемлекетінде 525 Конфуций институты мен 1113 Конфуций сыныптың ашылғаны айтылған [5]. Олардың әлемдегі орналасуын, төмендегі кестеден көруге болады. Әлемдегі Конфуций институттары

Қанша елде	33	39	41	21	4	13
						8

Конфу. инст. саны	1	54	1	16	1	52
	18		73	1	9	5

Әлемдегі Конфуций сыныптары

	Азия	Африка	Европа	Америка	Мұхит аймағы	Барлығы	
Қанша елде	1	2	15	30	9	4	79

Конфу. сынып саны	1	30	307	574	101	11 13
	01					

Оның ішінде Комор аралдары, Мьянма, Вануату, Гренада, Лесото, Кук аралдары, Андорра, Европа одағы сияқты мемлекеттерде тек қана Конфуций сыныптары ашылған.

Алайда, 2018 жылдың 29 қыркүйегінде өткен «Ашық есік күнінде» Конфуций

институтының «Ханьбань» жариялаған мәлімет бойынша, бұл сандардың тағы да өскенін көреміз. Қазіргі таңда әлемнің 149 елінде 530 Конфуций институттары мен 1113 Конфуций сыныптары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылданады, оларға 46,2 мың қытайлық және шетелдік оқытушылар сабақ береді. Ал, қытай тілін оқып жүргендердің жалпы саны 9 млн-нан асады [6] екен.

Конфуций институттары дүниежүзіндегі елдерің қытай тілін оқуын қамтамасыз ету үшін, 170 мемлекетте 30 млн оқулық таратқан.

2004-2014 жылдар аралығында қытай тілін оқытандардың саны АҚШ-та 15 есеге, Германияда 10 есеге өскен. Бүгінгі күні әлемнің 48 елі қытай тілін оқытуды өздерінің ұлттық оқу-ағарту саласына енгізген. Оның ішінде АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты оқу-ағарту жүйесі дамыған мемлекеттер бар [7].

Ал, Қазақстанда қазіргі кезде 5 бірдей Конфуций институттары өз қызметін жүргізуде. Олар Астана қаласында Л.Н. Гумилов атындағы Евразия ұлттық университеті, Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті жанынан ашылған Конфуций институттары.

Конфуций институттары қызметінің дамуы және сын-қатерге ұшырауы Конфуций институттары қайсы мемлекетте болмасын, олардың іске асыратын мақсаты мен атқаратын міндеттері ұқсас. Олардың басты мақсаты - Қытайды әлем елдеріне жақсы жағынан таныстыруға, Қытаймен өзара қарым-қатынастарды дамытуға, қытай мәдениеті мен құндылықтарын қабылдатуға қызмет ету. Сондықтан Конфуций институттары қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, Қытай жөнінде түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізеді, қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады, қытай тілінің деңгейін анықтайтын квалификациялық НСК емтиханын өткізеді, қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруды ұйымдастырады және қаржыландырады, Қытайда өтетін студенттер мен қытай тілі оқытушыларына арналған түрлі стажировкалар ұйымдастырады және Қытайға барып оқуға ақыл-кеңестер береді [1].

Қытай өкіметі Конфуций институттарының қызметіне мемлекеттік стратегиялық саясат ретінде маңыз берген. Мысалы, 2013 жылы АҚШ-тың Денвер университетінде Конфуций институты ашылғанда ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин университет ректорына құттықтау хатын жолдады; 2014 жылы ақпанда Пәкістанның Файсалабад ауылшаруашылық университетінде құрылған Конфуций институтының ашылу салтанатына ҚХР төрағасы барып қатысты. Сол жылдың мамыр айында Берлин қаласында Си Цзиньпин неміс қытайтанушылары мен Германиядағы Конфуций институттарының оқытушылары және институт тыңдаушыларымен кездесу өткізіп,

Қытай мен Германия арасындағы мәдени-тілдік қарым-қатынасты одан ары дамыту туралы әңгімелесті. Кездесуде Қытай басшысы «Тіл қарым-қатынастың ең маңызды кілті және белгілі бір елдің мәдениетінің тартымдылығы негізінен тіл арқылы жеткізіледі» деп, «Біз Конфуций институттарының рөлін мұнан да арттырып, тілдік байланыс пен ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, сонымен қатар Қытай мен Батыс мемлекеттері арасында салыстырмалы зерттеулер жүргізсек» [8] деген болатын.

Конфуций институттарының білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен тығыз байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдер арасындағы білім беру және мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті, екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны өрістетуде арқылы қытайлық мәдени позицияны нығайтуға қызмет етіп келеді. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен

сыныптарын барынша көп ашуға тырысып келеді.

2013 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің әкімшілік бөлімі Конфуций институттарының шетелдердегі ықпалын одан әрі нығайту мақсатында «2012-2020 жылға арналған Конфуций институттарын дамыту жоспарын» жасады [9].

Конфуций институттарының атқарған жұмыстары негізін Джозеф Найдың пайымдаған

«Жұмсақ күш» теориясына сай келеді. Яғни, қара күшке жүгінбей-ақ, басқалардың сен қалаған әрекетке баруына қол жеткізу. Тартымдылық арқылы көздеген нәтижеге жете білу. Ал мұндай нәтижеге мәдени дипломатия арқылы әлемдік қауымдастыққа тілі мен мәдениетін тарату арқылы қол жеткізеді [10]. Қытай тура осы жолмен айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп отыр. 2015 жылы Американың «Сыртқы саясат» журналы «Тынық мұхиты аймағындағы күштер индексінің тізімін» жариялады. Ол жерде қытай-американ қарым-қатынастарының болашағына ең көп ықпал еткен 50 тұлғаның аты аталды. Сол тізімде Конфуций институттары Штаб пәтерінің Бас директоры Сюй Линь да бар. Журналда Сюй Линь мәселесі мен кедергісі өте көп Қытайдың жұмсақ күшін дамытуды басқарып отырған адам деп сипатталған [11].

2014 жылы Конфуций институттарының құрылуының 10 жылдық мерейтойына арналған ІХ халықаралық конференциясының ашылу салтанатында қатысқан ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Лю Яндонг «Конфуций институты күні» аясында өткен 10 жылдық мерекеде сөйлеген сөзінде: «Күн шығыста Жаңа Зеландиядан бастап, күн бататын Гавай аралдары аралығында бүкіл жер жүзінде салтанатты түрде бұл мереке тойланып жатыр. Конфуций институттары 10 жылдың ішінде қытай тілі мен мәдениетін таратуда ғана үлкен жетістіктерге жетіп қойған жоқ, сонымен қатар әлемдік кеңістікте Қытайдың ықпалын нығайта түсті» [12] деп атап көрсетті. Атап айтқанда, бұл процесстің әлемдік аренадағы ықпалы күшейе түсті. Бірақ бұл жағдай әлемдегі әр елдің күдік-күмәнін тудыра бастады. Өйткені мемлекеттік ресурстар арқылы қытай құндылықтарын тықпалау бірден ұлттық құндылықтарға қарама-қарсы келді. Әсіресе батыстық құндылықтарға қарама-қарсы келді.

Алайда Қытай өкіметі «жұмсақ күш» саясатын өнімді түрде іске асыру үшін, Конфуций институттарын әр елдің ең ірі және беделді жоғарғы оқу орындарында құрып өз бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Сондай-ақ жастарды Қытайға баурау мақсатында шетелдіктердің Қытайдың жоғарғы оқу орындарында тегін оқуына бөлінетін граттар санын көбейтіп келеді. Тек қытай тілі деңгейін анықтайтын HSK емтиханынан өткен және халықаралық «Қытай тілі көпірі» сайысының жеңімпазы болғандар, Қытайға барып бір жылдан үш жылға дейін тегін оқып келеді. Ал Қытай тілін оқытып жүрген оқушыларға арнап Қор құрды. Аталмыш Қор Қытай тілі оқытушыларына материалдық тұрғыда қолдау көрсетіп отырады.

Қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, оның кең көлемде таралуына және терең тамыр тартуын қамтамасыз ету үшін, Қытай үкіметі Шет елдерде Қытай мәдени орталықтарын құруда. ҚХР-дың Мәдениет министірлігі 2020 жылға дейін әлемде 50 мәдени орталықтар ашуды жоспарлап отыр.

Осындай жұмыстардың барлығы Конфуций институттарының тікелей араласуымен іске асып жатқанын ескерсек, оның Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асырудағы орны мен рөлінің қытайлар үшін қаншалықты маңызды екенін көруге болады.

Қытай үкіметі Конфуций институттарын мамандандыру арқылы дамытып келеді. Нақтылап айтқанда, Британдық бизнесмендер мен сарапшыларды арнайы оқыту үшін құрылған Лондон Конфуций институты, әлемдегі ең алғашқы қытай медицинасын негізгі оқу бағдарламасы ретінде оқытуға мамандандырылған Конфуций институты [13].

2014 жылы Белорус Ұлттық ғылыми-техникалық университеті жанынан құрылған Конфуций институтында арнайы ғылым мен техника бойынша білім береді [14]. Тәжікстан тау-металлургия институты жанынан ашылған Конфуций институты, тау-кен өндірісі мен мұнай

саласындағы мамандарды дайындаумен айналысады [15].

Конфуций институтының көбеюі мен қызметінің барынша кеңеюі қоғамда күмен тудырды. Кейбіреулер олардың үгіт-насихатының сипатына талдау жасаған, Канаданың Ақпараттық агенттігінің журналисті Джим Браунский 2007 жылдың 28 мамырында жазған материалында Конфуций институттары Қытай үкіметінің тапсырмасымен жұмыс жасайтын «ми шаятын механизм» деп бағалағаны бар.

«Globeand Mail» газетінде шыққан мақалада, авторлар Канаданың университеттері мен колледждерін Конфуций институттарымен бірлесіп жұмыс жасаудан аулағырақ болуға шақырды. Сондай-ақ олар Конфуций институттары либералды оқу-ағарту жүйесімен жанаспайтын, Қытай саясатының элементтерін насихаттаумен айналысады дейді. Канадалық зерттеушілер Конфуций институттары шетелдік оқу орындарында бағытты түрде Қытай компартиясының көзқарастарын насихаттаумен айналысып отыр [16], - деп айыптайды.

Сол жылы Канаданың қауіпсіздік және барлау қызметі өзінің тексеріп зерттеулерін жариялады. Онда Конфуций институттары Қытайдың мемлекеттік саясатын жүргізу үшін «жұмсақ күш» қолданып отырған мекеме деп айыптады. Канаданың Брей-Брит еврей ұйымының өкілі Дэйвит Мэйтас, бұл институттар желісінің кейбір мекемелері қытай үкіметінің барлау резентурасының қызметін атқарып отыр деп мәлімдеді. Бұл туралы журналист Фабрицио де Пирребург өзінің «Осы және өзге де тыңшылар» деген кітабында «Конфуций институттарында қытайдың барлау қызметінің жұмыс жасайды» [17], деп жазды.

Конфуций институты басшыларының біреуі Шигесато Тошиюки Конфуций институттарын «гуманитарлық тыңшылық жасайтын барлау агентствасы» деп ресми түрде ашық айтқаннан кейін, Жапонияның Осака Саньо университеті ашылғанына бір жыл ғана болған Конфуций институтын жауып тастады.

2013 жылы АҚШ та J-1 визасын заңсыз қолданған деген айыппен Конфуций институттарын жабуға кірісті. Іс жүзінде аталмыш институттарды жабудың негізгі себебі, жоғарыда айтылған мәселелер екені даусыз.

Әлеуметтанушы Стивен Мошер Американың парламентінің сыртқы істер комитетіне

«Конфуций институттары: қытайлық троян аттары» деп аталатын баяндамасында, Конфуций институттары қытай мәдениеті мен тілін оқытудан гөрі ҚХР саяси мүдделері мен мемлекеттік саясатын алға жылжытумен айналысады деп айыптады. Мошер баяндамасында «Конфуций институттарының оқу орындарының академиялық еркіндігіне нұсан келтіргені, өндірістік және әскери тыңшылықпен айналысқаны, шетелдегі қытайлық студенттерді аңдығаны, Далай Ламаға, Тибетке және Тайваньға қатысты, шетелдегі демократиялық қозғалыстарға және Қытайдың өз ішіндегі диссиденттерге қатысты Қытай компартиясының ұстанымын насихаттағаны туралы көптеген дәлелдер бар» [17] деп кесіп айтты.

Телеграф агенттігінің хабарлауынша, 2014 жылы Американың университет профессорлары ассоциациясы (АУПА) американың 100 университеті мен Конфуций институттарын қаржыландырып отырған Қытай үкіметімен арадағы ынтымақтастықты тоқтатуға немесе қайта қарастыруға шақырды. Бұл ұйым Конфуций институттары желісін академиялық еркіндіктің негізгі принциптарын жоққа шығарып, өз білгендерін істеп отыр деп айыптады. Ассоциация ресми мәлімдемесінде «Конфуций институттары қытай үкіметінің қолындағы құрал, үкімет оларға академиялық еркіндік идеяларын қадағаламауға мүмкіндік беріп отыр» делінген. Конфуций институтының қызметін сынға алған профессорлар, «бұл мекеме тілдік және мәдени бағдарламалар арқылы бүкіл әлемде ҚКП-ның жағымды бейнесін қалыптастыру үшін құрылған және ол жерде Тибетті окупация жасау сияқты тақырыптарға еркін пікір алмасуды шектеп отыр» [18], дейді.

Осындай айыптаулардан кейін Чикаго университеті, Мельбурн университеті сияқты оқу орындары Конфуций институттарымен жасаған келісім-шарттарын тоқтатты немесе серіктестіктен мүлдем бас тартты.

2014 жылы Швецияның Стокгольм университетінің оқытушы-профессорлар құрамы қытай елшілігі Конфуций институты арқылы саяси бақылау жасап академиялық еркіндікке нұқасан келтіріп отыр деген айыппен, бұл институтты университеттен бөліп тастауды талап етті.

Стокгольм университеті жанындағы Конфуций институтының жабылуы қоғамда қызу талқыға түсті. Ол кезде де институттар желісін қытай үкіметі өз мүддесі үшін пайдаланып отырған «ми шаятын құрал» деген сөздер айтылды. Стокгольм университетіндегі Конфуций институты 2005 жылы Европада ең алғашқы ашылған еді. Оның жабылуы әлемдік қауымдастықтың назарын Конфуций институттарының атқарып отырған қызметіне қайта аударды [19].

Тура осындай айыппен 2012 жылы Австралияның «жасылдар» партиясының мүшесі Джейми Паркер жергілікті мектептердегі Конфуций сыныптарын жабуға шақырған петициясына 10 мың адам қол қойған екен [19].

Осыған ұқсас жағдайлар Ресей университеттерінде де орын алды. Атап айтқанда, 2010 жылы «Қытай идеологиясын тықпалағаны» үшін деген айыппен Якутскідегі Конфуций институты жабылды. 2013 жылы «мемлекет саясатының мәдени және оқуғарту кеңістігінің тұтастығы принциптеріне, еңбек заңнамасы талаптарына қайшы келеді және мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру мекемесінің статусына нұқсан келтіреді» деген айыппен Новосибирск қаласындағы екі университет жанынан ашылған Конфуций институттарының жұмысы уақытша тоқтатылды. Осындай күдікпен Благовещенск педагогикалық университетінің жанынан ашылған Конфуций институтында, 2015 жылы Амур облысының прокуратурасы тексеру жүргізді [20].

Мұндай тағылған айыптарға Қытай басшылары мен мамандары қарсы уәж айтып, жауап беруге тырысып келеді. Ресми билік «мұндай жағдай негізінен олардың елді дұрыс танымауынан, қате түсінуінен шығып отыр» [8], дейді.

2014 жылы Қытай төрағасы Австралия парламентінде Қытай мен Австралия арасындағы еркін сауда келісіміне қатысты сөйлеген сөзінде, «мұндай келісімдер Қытай тудырып отыр деген үрейден арылуға көмегі көп. Мәселені ушықтыру да, соғыс та қытай халқының мүддесіне сай келмейді» [21] деп атап көрсетті.

Қытай Чжэминь университетінің профессоры Ван Ивэй Конфуций институттары тек қана қытай тілін оқытайтын академиялық институттар емес, сонымен қатар ол қоғамдық-дипломатиялық қызметтің де атқарып отырған мекеме екенін айта келе, оны халықтық дипломатияның субъектісі мен объектісі ретінде қарастырады. Профессор өзінің көзқарасын нақтылау үшін, үш түрлі жағдайды алға тартады:

Біріншіден, Конфуций институттары әлемге Қытайды тануға көмектесуде. 2006 жылдың қараша айында «Нью Йорк Таймс» журналы «Қытай тілі: тағы бір танымал экспортты товар» деген тақытыппен жариялаған мақаласында: «Қытай өз тілінің мәдениеті арқылы қытай қоғамының жағымды да жылы бейнесін қалыптастырып отыр».

Екіншіден, «Конфуций институттары Қытай экономикасының аз уақыттың ішінде жылдам және табысты дамуының себебі неде, қытайлық қайтпас рух деген не, қытай даму жолының мәдени құндылықтары қандай, қытайдың арманы не деген сияқты қиын сұрақтарға жауап беріп отыр».

Үшіншіден, «Конфуций институттары Қытайды түсінуге көмектеседі. Олар көптеген шетелдік зерттеу орталықтарымен, ғылыми ұйымдармен серіктестікті дамыта отырып, қазіргі кезде Қытайда жүріп жатқан өркениетті өзгерістер туралы ақпарат береді. Осылайша әлемге қытай өркениетінің өз ішіндегі өркениеттен теңіздік өркениетке, аграрлық өркениетінен

индустриалды өркениетке, аймақтық өркениеттен әлемдік өркениетке өткенін және ең бастысы, осы үш өзгерістің адамзаттық өркениетке айналғанын түсіндіреді» [22], деп пайымдаған. Алайда Қытай тарапы Конфуций институттарының жұмысын мінсіз етіп түсіндіргенімен, ол институттардың ауыр сынқатерлерге дүп келіп отырғандарын жоғарыдағы фактілер дәлелдейді.

Қорытынды

Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарының өмірге келуі және оның әлемдегі әрбір елге кең көлемде таралуы- Қытайдың жаһандануға ұстанған стратегиялық саясатының нақты көрінісі болып табылады. ҚХР билігі ұлы гуманист Конфуцийдің есімі мен ілімін ала тарта отырып, бейбіт өрлеу, бейбіт қатар өмір сүру деген әдемі сөздерді дәріптей отырып, мемлекеттік қаржылық және технолгиялық ресурстарды аямай жұмсай отырып Конфуций институттары мен сыныптарының санын көбейтті, қызметін кеңейтті.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Конфуций институттары әлемге Конфуцийдің гуманизмдік ілімдерін таратудан гөрі, ҚХР дипломатиясының миссиясын атқаруға, әсіресе, қазіргі заманғы қытайлық құндылықтарды уағыздауға бойұрды. Сөйтіп ол Қытайдың шетелдердегі мәдени базасына айналды. Сондықтан болар, Конфуций институттары Қытай басшыларының, ресми тұлғалардың, мәдени адамдардың, тіпті кәсіпкерлердің де көп бас сұғатын, түрлі іс-шаралар өткізетін нүктеге айналды.

Конфуций институттары ҚХР сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» құралы ретінде, бүкіл әлемде қытай тілін тарату арқылы қытайлық мәдени ықпалды артырып отырғанына Қытай үкіметі сүйсіне қараса, әлем елдері оған күменмен қарады. Тіпті олардың беталысынан қауіптен бастады. Сонымен көптеген дамыған елдер өз елдеріндегі Конфуций институттарын заң бойынша тексере бастады, тіпті бірінен соң бірін жауып жатқан жайы бар. Сондықтан Конфуций институттары қазір ең ауыр сын-қатерлерге ұшырап отыр. Бұл құбылыс бір жағынан Қытай өркениеті мен әлем өркениеттері арасындағы қақтығыстарды аңғартады. Әсіресе, қазіргі қытайлық құндылықтар мен әлемге ортақ адамзаттық құндылықтар арасындағы алшақтықтарды көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Конфуций институттары қытайлар мен әлем арасындағы түсіністікті ілгерлетті ме, әлде, түсініспеушілікті, тіпті дүр-дараздықты күшейте ма? деген сұрақ туындайды. Егер Конфуцийдің «仁 - ren - мейірбандық» ілімі Қытайдың өзінде және әлемде іске асса, адамзат өркениеті биіктей түсер еді. Амал нешік, өркениеттің өзі адасып бара жатқандай адамға әсер қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Госканцелярия КНР по распространению китайского языка и культуры за рубежом (сокращенно Ханьбань) // URL:<http://www.hanban.edu.cn/>
2. The Office of Chinese Language Council International North America Office. 2014. Режим доступа: www.hanban.ca/hanban.php?lang=en (дата обращения: 17.08.2014).
3. The Office of Chinese Language Council International North America Office. 2014. Режим доступа: www.hanban.ca/hanban.php?lang=en (дата обращения: 17.08.2014).
4. Аликберова А.Р. Гуманитарная экспансия КНР на примере функционирования Институтов Конфуция в России // Materials of XI International Research and Practical Conference "Modern European Science - 2014". - Sheffield, UK. - Vol.5, pp.3-8. - 2014
5. Confucius Institute Headquarters (Hanban). Режим доступа: www.hanban.edu.cn (дата обращения: 07.11.2018).
6. 530 Институтов Конфуция созданы в 149 странах мира http://russian.news.cn/201809/29/c_137501832.htm
7. Жиньшп. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Жэньминь интернета. — Режим доступа: <http://edu.people.com.cn/n/2014/0928/c367001-25754689.html>
8. Председатель КНР Си Цзиньпин провел беседу с немецкими синологами и представителями преподавательского совета и слушателей Института Конфуция // Институт Конфуция, вып. 24, 2014, С.5.

9. План развития Института Конфуция на 2012–2020 гг. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Ханьбань.- Режим доступа: http://www.hanban.edu.cn/article/2013-02/28/content_486129.htm
10. Joseph S. Nye, Jr. Think Again: Soft Power [Электронный ресурс] // Official website Foreign Policy. — Режим доступа: <http://foreignpolicy.com/2006/02/23/think-again-softpower/>
11. Xu Lin was elected as the top 50 most influential people in relations between China and the U.S. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Ханьбань — Режим доступа: http://www.chinese.cn/hanban/article/2015-01/26/content_571828.htm
12. Выступление Лю Яндонг на церемонии открытия 9-ой глобальной Конференции Института Конфуция. [Электронный ресурс] // Официальный сайт Агентства Синьхуа. — Режим доступа: http://news.xinhuanet.com/politics/201412/07/c_1113550855.htm
13. Глобальная сеть Институтов Конфуция [Электронный ресурс] // Официальный сайт Казанского федерального университета. — Режим доступа: <http://kpfu.ru/imoiv/institut-konfuciya>
14. Церемония открытия первого института Конфуция по науке и технике [Электронный ресурс] // Официальный сайт Агентства Синьхуа. — Режим доступа:
15. В Таджикистане открылся второй Институт Конфуция <https://ru.sputnikj.com/education/20150821/1016503961.html>
16. Руслан Изимов: "Мягкая сила" Китая - на прицеле Центральная Азия <https://radiotochka.kz/1581-.html>
17. Что скрывается под «культурной» оберткой Институтов Конфуция? <http://asiarussia.ru/articles/4494/>
18. Американские профессора выступили против Институтов Конфуция <http://www.daokedao.ru/2014/06/23/amerikanskije-professory-vystupili-protivinstitutov-konfutsiya/>
19. Восточная хитрость против русской простоты <https://gvardeets.livejournal.com/14411.html>
20. Институту Конфуция в Благовещенске могут указать на дверь <https://russian.rt.com/inotv/2015-07-30/NTDTV-Institutu-Konfuciya-v-Blagoveshhenske>
21. Smyth J. Australia Unveils trade deal with China// Financial Times. 18 November 2014.
22. Ван Ивэй. Институт Конфуция и три шага публичной дипломатии [Электронный ресурс] // Официальный сайт Чжунго интернета. — Режим доступа: http://news.china.com.cn/world/2014-09/15/content_33514652_2.htm.

МАЗМҰНЫ

Айтмағамбетов Д.Р., Азмұханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы).....	25
Балықбай А.К. ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
Боранбаева Б.С. ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ Өңірінің ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	58
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	73
Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е. «ТӨҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ.....	79
Жанибай С.Б. МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83	83
Жанибай С.Б. 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ЮСУФ АҚЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БІЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	105
Жолсейітова М.Ә. ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ.....	116
Жұмай Г. ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ.....	136
Камалинов И.Р., Савельева Т.В. ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша).....	145
Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	159
Қабдолдина К.Қ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ.....	169
Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ.....	175
Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	182
Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә. АҚТӨБЕ Өңіріндегі «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша).....	197
Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ.....	215
Қыдырбаев Қ.А. МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ.....	233
Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А. ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. ҚАЗАҚСТАН КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ.....	265
Сабырова Ә.С. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ».....	273
Садықов Т.С., Набиев С.Т. АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	279
Сайынов Д. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ.....	285
Сәкенов С.Қ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	304
Сыздықова А.М. ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990).....	308
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ.....	323

СОДЕРЖАНИЕ

Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н. КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....	25
Балықбай А.К. ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....	33
Боранбаева Б.С. КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....	58
Габитханулы К. ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....	73
Габитханулы К., Габит Е. ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....	79
Жанибай С.Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....	83
Жанибай С.Б. СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....	105
Жолсейітова М.Ә. РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....	116
Жумай Г. ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....	145
Керимбаев Е.А., Набижанкызы З. СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....	159
Кабдолдина К.К. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	169
Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....	175
Каипбаева А.Т. ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....	182
Кали А., Сакенулы К., Айдаралиева А. О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....	197
Құдайбергелулы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....	215
Кыдырбаев К.А. МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	233
Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А. СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ.....	265
Сабирова А.С. ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.....	273
Садыков Т.С., Набиев С.Т. ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА.....	279
Сайнов Д. ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.....	285
Сакенов С.К. ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	304
Сыздыкова А.М. ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990).....	308
Тулбаев Т.А., Абикенова Г.Е. ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	323

CONTENTS

Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L. KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE.....	5
Akhmetzhanova A.T., Alina A.D. INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OF EDUCATION IN THE 1920-1930s.....	12
Alimzhanova A., Shaimerdenova M. MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS.....	20
Arepova A.D., Moryakova M.T. THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES).....	25
Balykbay A.K. HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA.....	33
Boranbayeva B.S. KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT.....	41
Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A. ANCIENT PETROGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS.....	58
Gabitkhanuly K. ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN CHINESE CHRONICLES.....	73
Gabitkhanuly K., Gabit Y. «TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUN HERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE.....	79
Zhanibay S. METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY.....	83
Zhanibay S. FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.....	92
Zholseitova M. THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.....	105
Zholseitova M. I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM.....	116
Zhumai G. OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.....	128
Kalysh A., Isayeva A. PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS.....	136
Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V. DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according to archaeological sources).....	145
Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z. THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.....	159
Kabdoldina K.K. THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN.....	169
Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M. MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.....	175
Kaipbaeva A.T. ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE.....	182
Kali A., Sakenuly K., Aidaraliev A. ON THE "ALASH ORDA" FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE).....	197
Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M. THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY.....	215
Kydyrbayev K.A. THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION.....	222

Meirmanova G.A., Daytbekova M.K. HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY.....	233
Mukhametkhanuly N., Madiev D.A. THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....	243
Myrzabekova R., Myrzabekov M. REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT.....	251
Nurmukhambet A.B., Sayn E.D. MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.....	258
Sabdenova G.E., Userova A.N. HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS.....	265
Sabirova A.S. ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY.....	273
Sadykov T., Nabiyev S. THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.....	279
Sainov D. THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION.....	285
Sakenov S.K. BRONZE AGED WELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	296
Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z. PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS.....	304
Syzdykova A.M. HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990).....	308
Tulebayev T.A., Abikenova G.E. TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT.....	317
Shaimerdenova M.D. THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE.....	323

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй